Ескерту. 21-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 16.09.2022 № 24 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы нұсқаулық "Ауыл шаруашылығы дақылдары түсімін жинау туралы" (индексі 29-сх, кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) бастапқы кіріске алынған салмақ – түсімді жинау кезінде тазартпай алғандағы, арамшөбімен және минералдық қоспаларымен (топырақ, топырақ түйірі, собық масағы және өзге де қоспалар), сондай-ақ артық ылғалдығымен қоса нақты салмағы;

2) егістік жерлер – ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жердің ауданы;

3) жалпы жинау – әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық егістігінен, ауыл шаруашылығы екпелерінен немесе басқа ауыл шаруашылық жерлерінен өндірілген (жиналған) өнім;

4) жиналған алқап – ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімі жиналған нақты алқап;

5) жылыжай – бұл жылыжай өсімдіктерін және көшеттерді жыл бойы өсіруге арналған, кез келген жарық өткізетін материалмен жабылған арнаулы үй-жай;

6) жылыжайлардың жалпы алаңы – өндірістік алаң (өсімдіктерді өсіруге пайдаланылады, олардың арасынан өтуге арналған орын), сондай-ақ қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық, қосалқы өндірістік үй жайлардың алаңы;

7) көпжылғы дақылдар – жүзім, цитрус жемістері, дәндік, тұқымдас және сүйекті жемістер, жеміс ағаштары, бұталар және өзге жаңғақтар, құрамында майы бар жемістер, дәмдеуіштер, хош иісті және фармацевтикалық дақылдар, өзге де көпжылдық дақылдар;

8) маусымдық дақылдар – дәнді, бұршақ дақылдары және майлы тұқымдар, көкөністер және бақша, тамыр-жемісті және түйнекжеміс (картоп, қант қызылшасы), темекі, талшықты дақылдар (мақта, зығыр, кендір), басқа да маусымдық дақылдар (азықтық дақылдар, гүлдер);

9) органикалық өсімдік шаруашылығы – жабайы өсімдіктерді жинауды қоса есептегенде, синтетикалық тыңайтқыштарды, пестицидтерді және өсімдіктердің өсуін реттеуіштерді пайдаланбай, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру;

10) өңдеуден кейінгі салмақ (есепке алынатын салмағы) – түсімді тазартқаннан және кептіргеннен кейінгі алынған, яғни ылғалдылық және ластану дәрежесін шегергендегі нақты салмағы;

11) себу кешені – бұл топырақты алдын ала өңдеу, тегістеу, себу, тыңайтқыш енгізу және нығыздау сияқты бірнеше агротехнологиялық операцияларды бір мезгілде жүргізе алатын кешен;

12) суармалы ауыл шаруашылығы алқаптары – ауыл шаруашылығында пайдалануға және суаруға жарамды тұрақты немесе уақытша суару желісі бар жерлер;

13) тікелей сепкіш – анкерлі немесе қашау тісті сіңіргіштермен жабдықталған сепкіш;

14) топырақ ресурсын сақтау технологиясы – топырақты механикалық ең аз, қысқартылған өңдеуге және тікелей себу технологиясына (топырақты механикалық өңдеусіз өсіруге) негізделген дақыл алмастыратын ауыспалы егісте ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологиясы.

3. Егер ауылшаруашылық қызметі бірнеше аудандар мен (немесе) облыстардың аумақтарында жүзеге асырылса, респонденттер статистикалық нысанды жеке бланктерде әр аумақ бойынша ақпаратты көрсете отырып ұсынады, демек деректер ауылшаруашылық қызметін нақты жүзеге асыру орны бойынша көрсетіледі.

Егер заңды тұлға құрылымдық бөлімшеге статистикалық нысанды тапсыру жөніндегі өкілеттіктерді берсе, онда осы құрылымдық бөлімше статистикалық нысанды өзінің орналасқан жері бойынша аумақтық статистика бөлімшелеріне ұсынады.

4. Статистикалық нысанда егістік алқабының көлемі, нақты жиналған алқап (гектармен), түсімді нақты жинау (центнерде) және Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығының кодына сәйкес нысанда қарастырылған жекелеген дақылдар және суарылатын жерлер бойынша деректерді көрсетумен жаздық дақылдардың солған алқаптары туралы нақты деректер көрсетіледі.

5. 1-бөлімде тіркелген жеріне қарамастан, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру саласында қызметті нақты жүзеге асыру аумағы (облыс, қала, аудан) көрсетіледі.

6. 2-бөлімде нақтыланған егістік және өнім жиналатын алқаптың, жиналған түсімнің көлемі екі ондық белгісімен тұтас сандармен көрсетіледі.

2-бөлімнің 3-бағанында нақтыланған егістік алқаптары туралы деректер, ағымдағы жылдың түсіміне кеш егілетін дақылдардың шаруашылықтағы нақты егілген алқабын (мәселен, жазда отырғызылған картоп), күздік дақылдар егісінің толық солған нақты мөлшерін, сондай-ақ егістің шаруашылықта пайдалануын (дәнге, пішенге тағы сол сияқты) ескере отырып, көрсетіледі. Бұл орайда солған (есептен шығарылған) егіс алқабы актілермен расталады.

Оның құрамына қысқы солғандарын есептен шығарғандағы өткен жылғы егілген күздіктер, дербес ауданға, соның ішінде солған күздіктердің орнына қайта

себілгендерді қоса, ағымдағы жылы егілген жаздық дақылдар және осы жылы егілген көпжылдық шөптер (бүркемесіз), өткен жылдары егілген көпжылдық шөптердің биыл жиналатын ауданы (яғни, көктемге сақталған шабындық ауданы) кіреді.

Егер көк азыққа немесе сүрлемге пайдаланылған күздік дақылдар алқабына ағымдағы жылы көктемгі себу аяқталғанға дейін жаздық дақылдар егілсе, осы жаздық дақылдар егісі, тиісті жаздық дақылдар негізгі егіс ретінде есепте көрсетіліп, жалпы егіс көлеміне енгізіледі. Көк азыққа немесе сүрлемге пайдаланылған күздік дақылдар егісі аралық егіс болып саналып, жалпы егіс алқабына енгізілмейді, сондай-ақ қайталама (аңыздық), қатараралық (тығыз отырғызылған) егістер де жалпы егіс алқабына енгізілмейді.

Жаз кезеңінде солған дәнді және дәндібұршақ дақылдар (олар жайылымға, пішенге, көк азық пен сүрлемге пайдаланылған жағдайдың өзінде) дәнді дақылдар қатарынан шығарылмайды, демек, мал азықтық дақылдар тобына ауыстырылмайды да, бастапқы белгіленген қолданылуы бойынша көрсетіледі.

Егер жазғы кезеңде солған дақылдар орнына басқа дақылдар қайтадан себілсе, қайтадан себілген дақылдың егіс алқабы және осы дақылдан жиналған өнім көрсетіледі.

Егер пішенге, көк азыққа немесе сүрлемге арналған дәнді дақылдар егісі іс жүзінде дәнге жиналса, олар дәнді дақылдар тобында тиісті дақылдар бойынша көрсетіледі.

Егер көктемде дәнге арналған егістіктің (солғандарының ішінен) жекелеген учаскелері іс жүзінде (ерекшелік ретінде) пішенге, көк пішенге, сүрлемге орылып, тағы сол сияқты қолданылса, статистикалық нысанда міндетті түрде дәнді егістің азықты дақылға ауыстырылу себептерін түсіндіріп, оны құжаттық растай отырып, біржылдық шөп немесе сүрлемдік егіс тобында көрсетіледі. Алайда күріш, тары, қарақұмық секілді дақылдар егісінің ерекшеліктері бар, олар тек дәнге арналған.

Бақтардың қатараралықтарында себілген егістері нақты осындай егістер шаруашылықтың егіс алқабы көлемінің жиынтығына енгізіледі.

2-бөлімнің 5-бағаны бойынша есепті жылы жинау жұмыстары жүргізілген нақты жиналған алқап: дәнді дақылдар, техникалық дақылдардың және шөп тұқымдары бойынша – өнімі бастырылған алқап (комбайнмен жиналғанын қоса), қалған дақылдар бойынша – есепті мерзімге барлық нақты жиналған алқап, соның ішінде өнімі жиналған, бірақ, толығымен есепке алынбаған және кіріске алынбаған алқапты қоса көрсетіледі.

Егер әрбір ауыл шаруашылығы дақылы бойынша жиналған алқап егіс алқабынан кем болған жағдайда (егістіктің жазда солуы немесе ауыстыру нәтижесінде), шаруашылық солған егістікті есептен шығарудың растауын ұсынады және осындай ауыстыру себебінің дұрыстығын түсіндіреді.

Қайтадан егілген (аңыздық), қатараралық (тығыз отырғызылған) дақылдардың алқаптары тиісті дақылдардың негізгі егістігіне қосылады және жиналған жалпы алқапта көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау негізінен 1 қарашаға дейін аяқталып, осы кезде егістің нақты пайдалануы белгілі болғандықтан, оларды нақты пайдалануы бойынша әрбір дақыл түсімінің орылған және жиналған алқабының көлемі туралы деректердің дұрыстығы мұқият тексеріледі.

Дәнді дақылдар, күнбағыс, қант қызылшасы, мақта және темекінің жалпы жинауы ұсақтатудан кейінгі (таза, кіріс салмақта) орнатылады, басқа дақылдар бойынша – бастапқы кіріске алынған (бункерлі) салмағында белгіленеді.

2-бөлімнің 7, 9-бағандарында дәнді және бұршақты дақылдар бойынша комбайнмен оғанда, дән бастырғышпен бастырғанда және қолмен жинағанда алынған астықтың барлық мөлшері көрсетіледі. Сондай-ақ жерге түскен өнімдердің жиналғаны да ескеріледі. Барлық айналымнан жалпы жинау көрсетіледі. Алаң бірінші айналымнан ғана көрсетіледі.

Жүгері шаруашылыққа пайдалану түрлері бойынша есептеледі:

- 1) толық піскен астыққа арналған жүгері дәні – дәнді дақылдар есебінде;
- 2) жүгері сүттеніп-балауызданып піскенге дейін, сүттеніп-балауызданып және балауызданып піскенде сүрлемге, көк азыққа (собығы мен сабағын) пайдаланғанда – мал азықтық дақылдар есебінде.

Жүгері өнімін астыққа жинау толық піскен сатысында есептеледі және жүгері собығының салмағы құрғақ дәнге қайта есептеп көрсетіледі. Толық піскен жүгері собығын құрғақ астыққа қайта есептеу, белгілі бір астық қабылдау пунктерінде собықтағы дәннің базистік ылғалдылығын ескере отырып, тәуліктік орташа үлгіні бастыру арқылы собықтан алынған нақты астық шығымы бойынша жүргізіледі. Осыған орай жүгері дақылы бойынша шаруашылық астыққа жүгеріні собығымен сатқанда, астықтың сатып алушы белгілеген есептік салмағы қабылданады.

Толық піскен жүгері собықтарының шаруашылықта қалғанын дәнге аударғанда, сатылған жүгері собықтарындағы дән шығымының орташа пайызымен есептеледі. Осы орташа пайыз қабылдаған дәнге алынған жөнелтпе құжаттың тізілімі бойынша белгіленеді.

Собық дәні шығымының орташа пайызы мынадай қатынаспен есептеледі:

дәннің есепке алынған салмағы $\frac{\text{-----}}{\text{-----}}$ x 100%,
собықтың табиғи салмағы

мұндағы,

дәннің есепке алынған салмағы, ылғалдылық пен ластану дәрежесінің заттай үстемесі шегерілген немесе қосылған дәннің нақты салмағына тең, собықтың табиғи салмағы собықтың ластануы мен ылғалдылығы ескерілген нақты салмағына тең.

Дөнге арналған, сабаны сыпыртқыға пайдаланылатын қонақ жүгері егісі дәнді дақылдар тобына енгізіледі.

Картоп бойынша бүкіл жиналған жас картоптың, сондай-ақ, негізгі жинап алудан кейін картоп алқаптарынан жырту және тырмалаудың нәтижесінде алынған картоп та ескеріледі.

Темекі бойынша есепті жылғы түсімнің барлық кіріске алынған өнімдері сатылғаны да, сондай-ақ шаруашылықта қалдырылғаны да немесе жұмсалғаны да (есепке алынған салмағына қайта есептегенде) ескеріледі. Темекінің барлық сынықтары (негізгісі де, сондай-ақ қосымшасы да) ескерілуі тиіс.

Қант қызылшасы жиналатын алқап және оның жиналған өнімі пайдалануына байланысты техникалық дақылдар бойынша қант қызылшасы (фабрикалық) ретінде, немесе тамыржемісті мал азықтары бойынша мал азығына арналған қант қызылшасы ретінде көрсетіледі.

Жүгері бойынша сүттеніп-балауызданып піскенге дейінгі, сүттеніп-балауызданып және балауызданып піскен жүгерінің сабағы мен собығы сүрлемге және көк азыққа (көк көлемінің салмағы) пайдаланылғаны жалпы жиынтықпен көрсетіледі.

Жүгерінің сабағы мен собығының көк жемшөбінің нақты жиналымы осы жемшөпті өлшеу арқылы белгіленеді. Жалпы көлемнен соның ішінде жүгерінің көк жемшөбі сүрлемге және көк мал азығы мен пішендемеге арналған мөлшерін көрсетеді. Малды жаю арқылы азықтандырылған жүгерінің өнімі статистикалық нысанда көрсетілмейді.

Сүрлемдік дақылдар бойынша барлық сүрлемдік дақылдардың (жүгеріден басқасы) алқабы және тек осы алқаптан алынған көк жемшөп өнімінің түсімі көрсетіледі. Жабайы өсімдіктердің, қырыққабат жапырағының, пәлектің, картоп, азықтық тамыржемістілер, қант қызылшасы, тағы сол сияқтылардың, сондай-ақ табиғи шабындықтан орылған шөптерінің көлемі бұл көрсеткішке енгізілмейді.

Біржылдық және көпжылдық шөптер (көпжылдық жабынды шөптер, жаздықтарды егу аяқталғанда сақталған, ағымдағы жылы егілген көпжылдық жабынсыз шөп егісі, өткен жылғы көпжылдық шөптер) бойынша 2-бөлімнің 5-бағанында пішенге, тұқымға, көк жемшөпке және жайылымға пайдаланылған жиналған алқап, соның ішінде жабынсыз көпжылдық шөптердің өткен жылы күзде егілгені, ал біржылдық шөптер бойынша – оны жинағаннан кейін жаздық дақылдар егілмеген көк жемшөпке пайдаланылған күздік егістер көрсетіледі.

Екпе шөптің, табиғи шабындық пен жайылымның, екпе жайылым мен жақсартылған шабындықтың пішенін статистикалық нысанға алу бойынша 2-бөлімнің 5-бағанына кіріске алынған, соның ішінде қоғамдық мал азығына пайдаланылған, жұмыскерлерге берілген, тапсырылған және сатылған, пішен ұнтағын әзірлеуге пайдаланылған, пішен жиналған алқап енгізіледі.

Екпе шөптің жиналған түсімі, көк жемшөпке (соның ішінде витаминді шөп ұнтағы мен пішендеме әзірлеуге пайдаланылған көк жемшөбін) шабылғаны, ал көпжылдық

шөптер бойынша – сүрлемге шабылғаны да, есепте көк жемшөптің салмағымен көрсетіледі. Егер біржылдық және көпжылдық шөптер егісі малды жаюға пайдаланылған болса, яғни тек мал жаюға пайдаланылған алқап жазылады, статистикалық нысанда малды жаю арқылы азықтандырылған екпе шөп көк жемшөбінің түсімі көрсетілмейді.

Сүрлемге пайдаланылған көпжылдық шөптер, "сүрлемге (жүгерісіз) арналған мал азықтық дақылдар" бойынша есепте көрсетілмейді.

Егер ауыл шаруашылығы құралымында екінші және үшінші шабындық болса, статистикалық нысанда 2-бөлімнің 5-бағаны бойынша шөптің нақты (табиғи) жиналған алқабының, яғни тек бірінші шабындықтағы алқабы ғана көрсетіледі де, ал жиналған түсімге барлық шабындықтан алынған өнім енгізіледі.

Бірінші шабындық пішенге, екіншісі – көк жемшөпке пайдаланылған жағдайда, статистикалық нысанда 2-бөлімнің 5-бағанында нақты жиналған алқап екі рет, біріншісінде – пішенге, екіншісінде – көк жемшөпке жиналған ретінде көрсетіледі.

Егістік шөбінің солуына немесе белгілі бір алқаптың екі рет пайдалануына байланысты біржылдық және көпжылдық шөптердің себілген алқабымен жиналған алқабы сәйкес келмеуі мүмкін.

Пішендемеге ылғалдылығы 50-55% кептірілген шөп жұмсалатындықтан, ол жаңадан шабылған шөпке ауыстырылады. Кептірілген шөпті жаңа шабылған шөпке ауыстыру үшін осы статистикалық нысанға 2-қосымшаға сәйкес шартты коэффициенттер қолданылады:

Сүрлемге немесе көк жемшөп ретінде пайдаланылған шөп ешқандай ауыстырусыз табиғи салмағында көрсетіледі.

2-бөлімнің 5-бағаны бойынша табиғи шабындықтардың жиналған алқабына мемлекеттік жер қорынан және орман ұйымдарынан, сондай-ақ басқа шаруашылықтан уақытша пайдалануға бөлінген алқаптан шабылғаны да қоса қамтылады.

Дақылдық жайылымдар және жақсартылған (түбегейлі жақсартылған) шабындықтар бойынша пішенге және көк жемшөпке, пішендемеге, сүрлемге, шөп ұнтағына жиналған алқап пен осы алқаптан алынған өнім көрсетіледі.

Толық піскен жүгері собығының жиналған түсімі бөлек көрсеткішпен көрсетіледі.

Көкөністер бойынша тек ашық топырақтан алынған көкөніс өнімдері статистикалық нысанға алынады, соның ішінде есепте жаппай жиын-терінге дейін және одан кейін ішінара жиналған өнімдер де көрсетіледі.

Тұқымға арналған асбұршақтың көкөністік сортының (жасыл асбұршақ) егістік алқабы, түсімі тұқымдық мақсатқа қалдырылған жағдайда, дәндік дақылдар қатарында емес, көкөніс дақылдарының тұқымдық құрамында есепке алынуы тиіс.

Екі жылдық көкөніс дақылдары аналықтарының және көкөніс дақылдары тұқымдықтарының алқабы және жалпы жинауы, көкөністің алқабына, әрі жалпы түсіміне енгізілмей, жеке көрсетіледі. Біржылдық көкөніс (қияр, қызанақ, тағы басқалар

) тұқымдықтарына, өнімі толығымен көкөніс тұқымын алу үшін пайдаланылатын алқап жатады. Біржылдық көкөністерді тұқым алуға ішінара (іріктеп) пайдаланған жағдайда, олардың алқабы мен өнімі тиісті көкөніс дақылы бойынша көрсетіледі.

Ашық топырақтан жаңадан кесіп алынған гүлдер мың данамен көрсетіледі.

2-бөлімнің 7, 9-бағандарында барлық дақылдар бойынша оны жинаған жұмысы үшін заттай төлем түрінде берілген өнім де көрсетіледі.

Егер шаруашылық түсімді элеваторға тікелей егістік алқабы немесе бастапқы өңдеуден кейін апарған жағдайда 2-бөлімнің 9-бағанында астықтың элеваторда анықталған салмағын көрсету қажет.

Шаруашылықта осы статистикалық нысанды құрастыру кезінде ауыл шаруашылығы дақылдары тұтастай орылып бітпеген болса, жиналуға тиісті орылмай қалған алқап ауыл шаруашылығы дақылдарынан жиналатын болжамды түсімді бастапқы кіріске алынған салмақта және ұқсатудан кейінгі салмақта, қалыптасқан орташа түсімділікке сүйене отырып анықталады. Бұл ретте ағымдағы жылы өнімді жинау жағдайы ескеріледі және 1 қарашадан кейін жағдайлары осыған ұқсас жылдардағы нақты алынған өнім мөлшері туралы деректер қолданылады.

Бастапқы өңдеу статистикалық нысанды ұсыну мерзімінен кейін аяқталған жағдайда ұқсатудан кейінгі салмақтағы жалпы жинауы туралы деректер бастапқы өңдеуден өткен легі туралы деректердің негізінде есептеледі.

7. 2.1-ішкі бөлімінде ашық топырақтағыерте пісетін ауылшаруашылық дақылдарын жалпы жинау айлар бойынша бөліністе көрсетіледі.

8. 3-бөлімнің 1-бағанында барлық жастағы оқшауланған бақтардың, жидектіктердің және жүзімдіктердің алқабы, ал 3-бөлімнің 3-бағанында – соның ішінде, ағымдағы жылы осы екпе ағаштардан түсім алынғанына немесе алынбағанына қарамастан, жеміс беретін жастағыларының алқабы көрсетіледі.

Жеміс-жидек және жүзім ағаштарының жалпы және жеміс беретін алқабы, соның ішінде есептен шығарылған (есептен шығарылған уағына қарамастан), бірақ томарлары қопарылмаған алқап ескеріледі, осы бағандарға бақтардың оқшауланған учаскелерінің сиреген (сиреу дәрежесіне қарамастан) нақты алқабы да енгізіледі. 3-бөлімнің 3-бағанына есепті жылы өнім алынған, бірақ статистикалық нысанды құрастыру кезеңіне дейін томарлары қопарылған алқап екпе ағаш алқабына енгізіледі.

Шаруашылықтың белгілі бір оқшауланған учаскесінде екпе ағаштың әртүрлі тұқымдық тобы болған жағдайда (шекілдеуікті және дәнекті), сол тұқымның 1 гектарға отырғызылатын түбір санының қабылданған нормасына аудару арқылы, екпе ағаштардың жалпы көлемі тұқымдық топтар бойынша (шекілдеуікті және дәнекті) бөлінеді. Егер жеміс беретін екпе ағаштардың осындай жолмен есептелген жекелеген тұқымдық топтарының көлемі оқшауланған учаскенің нақты жалпы көлеміне сәйкес келмесе, оның айырмашылығы екпе ағаш тұқымдық тобының есептелген көлеміне пропорционалды бөлінеді.

Бақтарда жеміс ағаштарының аралығында (қатар аралықтарында) отырғызылған жидекті екпе ағаштары болса (құлпынай, қарақат, қарлыған, тағы сол сияқты), 3-бөлімнің 1 және 3-бағандарында жидекті екпе ағаштарының ауданы жекелеген алқаптардан және жемісті екпе ағаштарының қатар аралықтарындағы алқаптарынан қалыптастырылады.

3-бөлімнің 5-бағанында жеміс беретін кезеңге жеткен екпе ағаштардан жемістерді жинау көрсетіледі. Жидектіктер бойынша жидектіктердің оқшауланған алқабынан, сондай-ақ қатар аралықтарына отырғызылғандардан да жиналған жалпы түсім көрсетіледі.

Жабайы жеміс ағаштары және олардан алынған өнім статистикалық нысанға енгізілмейді.

Өсірілген және өткізілген көшеттік материал – шекілдеуікті жемістердің тікпе көшеттері және сүйекті жемістердің тікпе көшеттері, жидекті дақылдардың тікпе көшеттері және жүзімнің тікпе көшеттері мың данамен көрсетіледі.

9. 4-бөлімде ағымдағы жылғы түсімге пайдаланылатын жабық топырақ алқабы және жабық топырақ құрылысының барлық түрінен жиналған түсім түгел көрсетіледі. Алаң тек бірінші айналымнан көрсетіледі.

Қорғалған топырақ маусымдық кезең емес кезде көкөністер мен басқа да ауылшаруашылық өсімдіктерін өсіру үшін пайдаланылатын, арнайы үй-жай немесе өсімдіктер үшін қолайлы жасанды микроклиматы бар жер учаскелері болып табылады. Қорғалған топырақтың негізгі мақсаты – күздік-қыстық және көктем мезгілдерінде көкөністерді өсіру; ашық топырақтағы көкөніс дақылдарының көшеттерін өсіру. Қорғалған топырақ культивациялық имараттар (жылыжайлар, парниктер) және жылытылған топырақтар болып бөлінеді.

Парниктердің негізгі мақсаты – ашық топырақтағы көкөністердің көшеттерін және ерте шығатын көкөністерді өсіру, ауа райының қолайсыз жағдайларынан өсімдіктерді қорғау үшін жылытылмайтын шағын құрылыс болып табылады.

Жылытылған топыраққа және үлдір астындағы егістікке жылытылған қатарлар және жекелеген учаскелерде немесе далалық ауыспалы егістерде қарапайым үлдір жабындар жатады.

4, 4.1 және 4.2-бөлімдерінде ішкі тұтыну үшін өндірілген өнімдерден басқа, барлық қорғалған топырақ имараттарынан жалпы түсімі көрсетіледі.

Гүлдер мен гүлдер көшеттерін, көкөніс көшеттерін, жидек дақылдарын өсіру мың данамен көрсетіледі.

Саңырауқұлақты (мицелия) жерлер бойынша саңырауқұлақ өнімін өсіру үшін пайдаланылатын алқапты есепке алады және жалпы түсімді көрсетеді.

10. 5-бөлімде органикалық өнім үшін топыраққа қойылатын фитосанитариялық нормалардың талаптарына сәйкес келетін жер учаскелерінде өндірілген өнім көрсетіледі. Органикалық өсімдік шаруашылығы минералды тыңайтқыштарды, өсуді

синтетикалық реттегіштерді, синтетикалық бояуларды, полихлорид негізіндегі материалдарды, синтетикалық гербицидтерді, фунгицидтерді, инсектицидтерді және пестицидтерді қолданбай жүзеге асырылады. Органикалық өнімді өндіру үшін органикалық өндірілген тұқымдар мен көшет материалдары пайдаланылады.

Осы бөлімді толтыру кезінде осы бөлім бойынша ақпарат 2, 3, 4-бөлімдерде көрсетілген дақылдар бойынша тиісті деректерден аспайтындығы ескеріледі.

11. 6-бөлімде тыңайтқыштардың себілген уақытына қарамастан, ашық және жабық жердің ауылшаруашылық дақылдары егісіне, сондай-ақ көпжылдық екпе ағаштарға (бақ, жидектік, жүзімдік, тұт ағаштары), табиғи шабындықтар мен ағымдағы жылдың түсіміне енгізілген минералдық және органикалық тыңайтқыштар мөлшері көрсетіледі. Алдағы жылдың түсіміне ағымдағы жылы енгізілген тыңайтқыштар мөлшері статистикалық нысанға енгізілмейді.

Статистикалық нысанда минералдық тыңайтқыштар мөлшері құрамындағы қоректік заттардың 100 пайызына қайта есептеліп, сонымен қатар физикалық салмақта көрсетіледі.

Қоректік заттар мөлшерінің пайызы туралы деректер тыңайтқыштарды жеткізушілерінің құжаттарынан алынады.

Респонденттердің енгізілген тыңайтқыштар мөлшерін қоректік заттардың 100 пайызына қайта есептеуін есептеу үшін тыңайтқыштардың әр түрі бойынша атауы, физикалық салмақтағы көлемі, қоректік заттардың 100 пайызы есептелген тыңайтқыштар мөлшері жазылынып алынады, ол физикалық салмақтың қоректік заттардың пайызына көбейтілумен және 100 бөлу жолымен есептеледі (мысалы, аммоний сульфатында 21% азот бар, бұл тыңайтқыштың 200 тоннасы енгізілді; қоректік заттардың 100 пайызына қайта есептелгенде ол: $200 \cdot 21 / 100 = 42$ тоннаны құрайды).

Күрделі тыңайтқыштар бойынша (мысалы, нитрофоска) физикалық салмағында екі ұдай есептеуге жол бермеу үшін тыңайтқыштардың салмағы тек фосфорлық тыңайтқыштар бойынша жазылады. Қоректік заттар бойынша әр тыңайтқыш статистикалық нысанда тиісті топ бойынша – азоттық, фосфорлық, калийлік, микротыңайтқыш жазылады.

Статистикалық нысанда әр тыңайтқыш тиісті тобы: азотты, фосфорлы, калийлі, микротыңайтқыш бойынша жазылады. Ағымдағы жылдың түсіміне негізгі тыңайтқышта, сондай-ақ үстеме қорек ретінде де енгізілетін минералдық тыңайтқыштардың мөлшері көрсетіледі.

12. 7.1 және 7.2-бөлімдерде минералдық және органикалық тыңайтқыштармен нақты тыңайтылған алқап көрсетіледі.

Нақты тыңайтылған алқап сол немесе басқа учаскелердегі дақылдардың жалпы егіс көлемінен (қорғалған топырақта өсірілген ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша -

жылыжайдың пайдаланылатын алқабы) ағымдағы жылдың түсіміне мүлдем тыңайтқыш енгізілмеген алқаптың көлемін шегеру арқылы анықталады.

Тыңайтылған алқап жалпы жиынтығы бойынша, сондай-ақ әрбір дақылдар бойынша да жалпы егіс көлемінен (қорғалған топырақта өсірілген ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша – жылыжайдың пайдаланылатын алқабынан) аспайды.

13. 8-бөлімнің 8.1-ішкі бөлімінде есепті жылғы сабанды ұсақтағышпен жабдықталған комбайндармен егін жинау кезінде сабанды ұсақтау және шашу арқылы дәнді дақылдардың жиналған алқаптары туралы деректер көрсетіледі.

8-бөлімнің 8.2-ішкі бөлімінде сепкіш кешенімен, сондай-ақ анкерлі және қашау тісті сіңіргіштермен жабдықталған тікелей сепкіштермен есепті жылы себілген дәнді дақылдардың алқабы туралы деректер көрсетіледі.

8-бөлімнің 8.3-ішкі бөлімінде арам шөпке қарсы құрамында глифосаты бар гербицидтермен өңделген алқаптарға есепті жылы себілген дәнді дақылдардың алқабы туралы деректер енгізіледі.

8-бөлімді толтыру кезінде осы бөлім бойынша ақпараттың 2-бөлімде көрсетілген дәнді дақылдар бойынша тиісті деректерден аспау қажеттілігі ескеріледі.

14. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезде респондент тиісті жылға арналған бекітілген Респонденттердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларымен белгіленген тәртіпте ұсынады.

15. Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастырылған "Респонденттің кабинеті" (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) арқылы онлайн режимде жүзеге асырылады.

16. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім:

1-баған \leq 3-бағаннан, әр жол үшін;

1-баған \geq 2-бағаннан, әр жол үшін;

2-баған \leq 4-бағаннан, әр жол үшін;

3-баған \geq 5-бағаннан, әр жол үшін;

3-баған \geq 4-бағаннан, әр жол үшін;

4-баған \geq 6-бағаннан, әр жол үшін;

5-баған \geq 6-бағаннан, әр жол үшін;

7-баған \geq 8-бағаннан, әр жол үшін;
7-баған \geq 9-бағаннан, әр жол үшін;
8-баған \geq 10-бағаннан, әр жол үшін;
9-баған \geq 10-бағаннан, әр жол үшін;
егер 7-баған $\neq 0$, онда 5-баған да $\neq 0$, әр жол үшін;
егер 8-баған $\neq 0$, онда 6-баған да $\neq 0$, әр жол үшін;

2) 3-бөлім:

1-баған \geq 3-баған, әр жол үшін;
1-баған \geq 2-баған, әр жол үшін;
2-баған \geq 4-баған, әр жол үшін;
3-баған \geq 4-баған, әр жол үшін;
5-баған \geq 7-баған, әр жол үшін;
5-баған \geq 6-баған, әр жол үшін;
6-баған \geq 8-баған, әр жол үшін;
7-баған \geq 8-баған, әр жол үшін;
егер 5-баған $\neq 0$, 1-баған да $\neq 0$, әр жол үшін;
егер 6-баған $\neq 0$, 2-баған да $\neq 0$, әр жол үшін;
егер 7-баған $\neq 0$, 3-баған да $\neq 0$, әр жол үшін;
егер 8-баған $\neq 0$, 4-баған да $\neq 0$, әр жол үшін;

3) 4-бөлім:

егер 2-баған $\neq 0$, онда 1-бағанда $\neq 0$, әр жол үшін;
егер 1-баған $\neq 0$, онда 2-бағанда $\neq 0$, әр жол үшін;

4) 4.1-ішкі бөлім:

егер 2-баған $\neq 0$, онда 1-бағанда $\neq 0$, әр жол үшін;
егер 1-баған $\neq 0$, онда 2-бағанда $\neq 0$, әр жол үшін;

5) 6-бөлім:

1-баған \geq 2-баған, әр жол үшін;
3-баған \geq 4-баған, әр жол үшін;
5-баған \geq 6-баған, әр жол үшін;
7-баған \geq 8-баған, әр жол үшін;
9-баған \geq 10-баған, әр жол үшін;
11-баған \geq 12-баған, әр жол үшін;
13-баған \geq 14-баған, әр жол үшін;
15-баған \geq 16-баған, әр жол үшін;
17-баған \geq 18-баған, әр жол үшін;

6) 7-бөлім:

1-баған \geq 2-баған, әр жол үшін;
3-баған \geq 4-баған, әр жол үшін.

7) Бөлімдер арасындағы бақылау:

2.1-ішкі бөлімінің 1-7-бағандарының $S \leq$ әр жол үшін 2-бөлімнің 7 және 8-бағандарының S.

16. Қосымша бақылау (келтірілген бақылауға жол беріледі және қате толтырудан және респонденттердің ұқыпсыздығынан пайда болатын, тіркеу кезіндегі кездейсоқ қателердің пайда болу ықтималдығын азайту мақсатында көзделген): 2 және 3-бөлімдерді толтыру кезінде жеке ауылшаруашылық дақылдарының түсімділігі осы нысанға "Жеке ауыл шаруашылық дақылдарының түсімділігі" көрсеткіші бойынша жол берілетін мәндердің шектері" қосымшасында көрсетілген шектерге шықпайтындығы ескеріледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 10 ақпандағы
№ 21 бұйрығына
22-қосымша

Ескерту. 22-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 16.09.2022 № 24 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

	<p>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік статистика органдары кұпиялылығына кепілдік береді Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны</p> <p>Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті</p>																				
Жұртшылық шаруашылықтарындағы ауыл шаруашылығы дақылдары түсімін жинау туралы Индексі А-005 (үш жылда бір рет) есепті кезеңжыл																					
<table border="1"><tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr></table>																					
Байқауға іріктемеге түскен егістік алқабы, шабындығы және жайылымы, көпжылдық екпелері және жылыжайлары бар жұртшылық шаруашылықтары қатысады																					
Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнің 2 қарашасына (қоса алғанда) дейін																					
Пікіртерімнің басталу уақыты: сағат																					
<table border="1"><tr><td> </td><td> </td></tr></table>																					
минут																					
<table border="1"><tr><td> </td><td> </td></tr></table>																					
1 Бөлім: Респондентті сәйкестендіру бойынша сұрақтар																					
1. Респондент туралы келесі ақпаратты толтырыңыз																					
1.1. Респонденттің ИИН																					
<table border="1"><tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr></table>																					
1.2. Респонденттің аты-жөні																					

1.3. Респонденттің мекенжайы

1.4. Телефон нөмірі (стационарлық/ұялы телефоны)

2 Бөлім: Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімін өндіру

2. Есепті жыл ішінде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бойынша Сіз қызметті жүзеге асырдыңызба?

Иә

Жоқ

3. Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру саласындағы қызметті нақты жүзеге асыратын аумақты (облыс, қала, аудан) көрсетіңіз

Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес аумақ коды

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

4. Есепті жылы Сіз қандай маусымдық дақылдар түрлерін өсірдіңіз?

№	АШӨСЖ1 сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Жиналған алқап (шаршы метрмен)	Жалпы түсім (килограммен) (алғашқы кіріске алынған салмақтағы)
А	Б	1	2

5. Есепті жылы Сіз ашық топырақта гүлдер өсірдіңіз бе? (5.1 Кестесіне сәйкес)

Иә

Жоқ

5.1 Есепті жылы Сіз ашық топырақта қандай гүлдер түрлерін өсірдіңіз?

№	Гүлдердің атауы	Жалпы түсім, данамен
А	Б	1
1	Кесілген раушан гүлдер	
2	Кесілген қалампыр гүлдер	
3	Кесілген бақыт гүлдер	
4	Өзге де кесілген гүлдер	

6. Сіз көпжылдық дақылдар өсірдіңіз бе? (6.1 Кестесіне сәйкес)

Иә

Жоқ

6.1 Көпжылдық дақылдардың түсімін жинау туралы ақпаратты көрсетіңіз

--	--	--	--

№	АШӨСЖ1 сәйкес еке ағаштар атауы	Жеміс салу жасындағы көпжылдық екпелер алқабы (шаршы метрмен)	Жеміс салу жасындағы көпжылдық екпелер алқабынан жалпыт үсімі (килограммен)
А	Б	1	2

7. Қорғалған топырақтағы жекелеген ауыл шаруашылық дақылдарының түсімін жинау туралы ақпаратты көрсетіңіз

№	АШӨСЖ1 сәйкес ауыл шаруашылық дақылдарының атауы	Жылыжайлардың пайдаланылатын алаңы, (шаршы метрмен)	Жалпы түсім (килограммен)
А	Б	1	2

8. Есепті жылы Сіз қорғалған топырақтағы өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерін өсірдіңіз бе? (8.1 Кестесіне сәйкес)

Иә

Жок

8.1 Қорғалған топырақтағы өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлерін өсіру туралы ақпаратты көрсетіңіз

№	Атауы	Жылыжайлардың пайдаланылатын алаңы (шаршы метрмен)	Жалпы түсім (данамен)
А	Б	1	2
1.	Гүлдердің көшеттері		
2.	Көкөністердің көшеттері		
3.	Жидек дақылдарының көшеттері		
4.	Кесілген раушан гүлдер		
5.	Кесілген қалампыргүлдер		
6.	Кесілген бақытгүлдер		
7.	Өзге де кесілген гүлдер		

9. Сіз ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру кезінде органикалық тыңайтқыштарды қолдандыңыз ба? (9.1 Кестесіне сәйкес)

Иә

Жок

9.1 Қорғалған топырақтағы ауыл шаруашылық дақылдарының тыңайтылған алқабы туралы ақпаратты көрсетіңіз

--	--	--	--

№	АШӨСЖ1 сәйкес ауылшаруашылық дақылдарының атауы	Органикалық тыңайтқыштармен тыңайтылған алқап (шаршы метрмен)	Органикалық тыңайтқыштарды енгізу (килограммен)
А	Б	1	2

Пікіртерімнің аяқталу уақыты:

--	--

сағатминут

--	--

Пікіртерім жүргізілген немесе деректерді ұсынған адамның қолы _____

Интервьюердің қолы _____

Ескертпе:

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсындағы "Жіктеуіштер" бөлімінде орналасқан "Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің анықтамалығы АШӨСЖ1"

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар болып табылады

"Жұртшылық
шаруашылықтарындағы
ауыл шаруашылығы дақылдары
түсімін жинау туралы"
(индексі А-005, кезеңділігі
үш жылда бір рет)
статистикалық нысанға
қосымша

"Жеке ауылшаруашылық дақылдарының түсімділігі" көрсеткіші бойынша жол берілетін мәндердің шектері

АШӨСЖ ¹ коды	Атауы	Шектеу, центнер гектардан
01.11.1	Бидай	50 дейін
01.11.2	Жүгері (маис)	60 дейін
01.11.31	Арпа	30 дейін
01.11.32	Қара бидай	25 дейін
01.11.33	Сұлы	25 дейін
01.11.41	Қонақ жүгері	50 дейін
01.11.42	Тары	25 дейін

01. 11. 49. 100	Қарақұмық	20 дейін
01. 11. 49. 200	Тритикале	50 дейін
01. 11. 49. 300	Масақтылар қоспасы	50 дейін
01. 11. 49. 900	Өзге де дәнді дақылдар	50 дейін
01.11.6	Жасыл бұршақты көкөністер	35 дейін
01.11.7	Кептірілген бұршақты көкөністер	35 дейін
01.11.81	Соя бұршақтар	20 дейін
01.11.82	Жер жаңғағы	20 дейін
01.11.84	Мақта тұқымдары	20 дейін
01.11.9	Өзге де майлы тұқымдар	20 дейін
01.12	Күріш	50 дейін
01.13.12	Қырыққабат	800 дейін
01.13.2	Қауындар және қарбыздар	250 дейін
01.13.31	Бұрыштар	500 дейін
01.13.32	Қиярлар	500 дейін
01.13.33	Баялдылар	500 дейін
01.13.34	Қызанақтар	500 дейін
01.13.41	Сәбіз және мал азықтық шалқан	700 дейін
01.13.43	Пияз	350 дейін
01. 13. 49. 300	Асханалық қызылша	700 дейін
01.13.51	Картоп	250 дейін
01.13.71	Қант қызылшасы	300 дейін
01.13.9	Басқа топтамаларға енгізілмеген көкөністер	350 дейін
01.15.10	Темекі	35 дейін
01.16.11	Шитті мақта	35 дейін
01. 19. 10. 300	Азықтық жүгері	350 дейін
01. 19. 10. 510	Пішенге табиғи шабындықтар шөптері	40 дейін
01.21	Жүзім	100 дейін
01.24	Шекілдеуікті және дәнекті жемістер	250 дейін
01.25.1	Жидектер	200 дейін
01.25.3	Жаңғақтар	100 дейін

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 10 ақпандағы
№ 21 бұйрығына
23-қосымша

"Жұртшылық шаруашылықтарындағы ауыл шаруашылығы дақылдары түсімін жинау туралы" (индексі А-005, кезеңділігі үш жылда бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. 23-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 16.09.2022 № 24 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы нұсқаулық "Жұртшылық шаруашылықтарындағы ауыл шаруашылығы дақылдары түсімін жинау туралы" (индексі А-005, кезеңділігі үш жылда бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы тауар өндірушісі – ауыл шаруашылығы өнімінің тауарлы өндірісімен айналысатын жеке немесе заңды тұлға;

2) бастапқы кіріске алынған салмақ – түсімді жинау кезінде тазартпай алғандағы, арамшөбімен және минералдық қоспаларымен (топырақ, топырақ түйірі, собық масағы және өзге де қоспалар), сондай-ақ артық ылғалдығымен қоса нақты салмағы;

3) жалпы жинау - әртүрлі ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық егістігінен, ауыл шаруашылығы екпелерінен немесе басқа ауыл шаруашылығы жерлерінен өндірілген (жиналған) өнім;

4) жиналған алқап – ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімі жиналған нақты алқап;

5) жұртшылық шаруашылығы – халықтың жеке қосалқы шаруашылықтары, ұжымдық бақтар мен бақшалар, саяжай учаскелері;

6) жылыжай – бұл жылыжай өсімдіктерін және көшеттерді жыл бойы өсіруге арналған, кез келген жарық өткізетін материалмен жабылған арнаулы жай;

7) көпжылдық дақылдар – жүзім, цитрустық жемістер, шекілдеуікті және дәнекті жемістер, жеміс ағаштары, бұта және өзге де жаңғақтар, құрамында майы бар жемістер, дәмдеуіштер, хош иісті және фармацевтикалық дақылдар, өзге де көпжылдық дақылдар ;

8) маусымдық дақылдар – дәнді, бұршақ дақылдары, майлы тұқымдар, көкөніс және бақша, тамыржемісті және түйнекжемістілер (картоп, қант қызылшасы), темекі, талшықты иіру дақылдары (шитті мақта, зығыр, кендір), басқа да маусымдық дақылдар (азықтық дақылдар, гүлдер).

3. Статистикалық байқауға іріктемеге түскен, егістік алқабы, шабындығы және жайылымы, көпжылдық екпелері және жылыжайлары бар жұртшылық шаруашылықтары қатысады.

Статистикалық нысанды интервьюер жұртшылық шаруашылығы басшысының сөзі бойынша толтырады немесе респонденттің өзі толтырады.

4. 3-тармақтың 2-бөлімінде тіркелген жеріне қарамастан, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру саласындағы қызметті нақты жүзеге асырудың аумағы (облыс, қала, аудан, елді мекен) көрсетіледі.

5. 4-тармақтың 1-бағанында есепті жылы жинау жұмыстары жүргізілген нақты жиналған алқап: дәнді дақылдар, майлы дақылдар тұқымдары және шөп бойынша – өнімі бастырылған алқап (комбайнмен жиналғанын қоса), қалған дақылдар бойынша – есепті мерзімге нақты жиналған барлық алқап, оның ішінде өнімі жиналған, бірақ толығымен есепке алынбаған және кіріске алынбаған алқап қоса көрсетіледі.

Толық піскен жүгері собықтарын құрғақ дәнге есептеу былайша жүзеге асырылады: жүгері собықтарының нақты салмағы 0,7 коэффициентіне – собықтағы жүгері дәнінің орташа шығымына көбейтіледі.

Темекі бойынша есепті жылғы түсімнің барлық кіріске алынған өнімдері сатылғанымен қатар шаруашылықта қалдырылғаны немесе жұмсалғаны (есепке алынған салмағына қайта есептегенде) ескеріледі. Темекінің барлық сынықтары (негізгісімен қатар қосымшасы да) ескерілуі тиіс.

Майлы тұқымдар және май құрамды жемістер бойынша күнбағыстың, рапстың, мақсарының, қышаның, сояның, күнжіттің және басқа да майлы дақылдардың жиналған алқабы және жалпы жиналған тұқымы мен жемісі көрсетіледі.

Картоп бойынша көктемде және жазда отырғызылған картоптың жиналған алқабы мен жалпы жиналған өнімі көрсетіледі.

Азық-түліктік бақшалар бойынша қарбыз бен қауынның жиналған алқабы мен жалпы жиналған өнімі көрсетіледі.

Көкөністер бойынша жиналған алқабы ашық топырақта өсірілген көкөністерді жалпы жинау көрсетіледі.

Мал азықтық дақылдар бойынша мал азығына арналған қант қызылшасының, тамыржемістілердің, бақшалықтардың, балауса азықтық жүгерінің жиналған алқаптары , сондай-ақ шөпке, көк азыққа, тұқымға және жайылымға арналған себілмелі біржылдық және көпжылдық шөптердің шабылу алқаптары көрсетіледі. Шөптер екі және одан да көп шабылған жағдайда сауалнамада тек қана бірінші шабылған алқап көрсетіледі.

Мал азықтық жүгері бойынша мал азығына және көк азыққа арналған сүттеніп-балауызданғанға дейін, сүттеніп-балауызданып және балауызданып піскен жүгерінің жиналған алқабы көрсетіледі.

Біржылдық шөптер және көпжылдық шөптер бойынша біржылдық шөптердің (балауса азықтық күздіктерсіз), өткен жылы күзде егілген алқаптарын қоса көп жылдық шөптердің шабылу алқабы көрсетіледі.

Табиғи шабындықтар мен жайылымдар бойынша шөпке және балауса азыққа арналған табиғи шабындықтар мен жайылымдардың шабылу алқабы көрсетіледі.

Пішен бойынша өз учаскелерінің барлық шабыстарынан жиналған пішен, сондай-ақ ауыл шаруашылық құрылымдарының қоймаларына өткізілгенінен басқа, ауылшаруашылық кәсіпорындарының және басқа да жер пайдаланушылардың жерінде жиналған пішен көрсетіледі.

Ашық топырақтан жаңадан кесіп алынған гүлдер данада көрсетіледі.

6. 6.1-тармақшаның 1-бағанында ағымдағы жылы осы екпелерден түсім алынғанына немесе алынбағанына қарамастан, оқшауланған бақтардың, барлық жастағы жидектер мен жүзімдіктердің алқабы көрсетіледі.

Жеміс-жидек және жүзім екпелерінің жалпы және жеміс беретін алқабы, оның ішінде есептен шығарылған (есептен шығарылған уақытына қарамастан), бірақ томарлары қопарылмаған алқап ескеріледі, осы бағандарға бақтардың оқшауланған учаскелерінің сиреген (сиреу дәрежесіне қарамастан) табиғи алқабы да енгізіледі. 6.1-тармақшаның 1-бағанына есепті жылы өнім алынған, бірақ статистикалық нысанды ұсыну сәтінде томарлары қопарылған екпелер алқаптары енгізіледі.

Бақтарда жеміс ағаштарының аралығында (қатар аралықтарында) отырғызылған жидекті екпелері (құлпынай, қарақат, қарлыған, тағы сол сияқты) болса, 6.1-тармақшаның 1-бағанына жидекті екпелердің алқабы оқшауланған алқаптардан және жемісті екпелердің қатар аралықтарындағы алқаптардан қалыптастырылады.

7. 7-тармақта бірінші айналымнан ғана ағымдағы жылғы түсімге пайдаланылатын қорғалған топырақ алқабы және қорғалған топырақ имаратының барлық түрлерінен түсімді барлық жинау көрсетіледі. Екінші және кейінгі айналымдарға пайдаланылатын алқап көрсетілмейді.

Қорғалған топырақ маусымдық кезең емес кезде көкөністер мен басқа да ауылшаруашылық өсімдіктерін өсіру үшін пайдаланылатын арнайы үй-жай немесе өсімдіктер үшін қолайлы жасанды микроклиматы бар жер учаскелері болып табылады. Қорғалған топырақтың негізгі мақсаты – күздік-қыстық және көктем мезгілдерінде көкөністерді өсіру, ашық топырақтағы көкөніс дақылдарының көшеттерін өсіру. Қорғалған топырақ культивациялық имараттар (жылыжайлар, парниктер) және жылытылған топырақтар болып бөлінеді. Жылыжайдың жалпы алаңы – бұл өндірістік алаң (өсімдіктерді өсіруге, олардың арасынан өтуге арналған кеңістік), сондай-ақ қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық, қосалқы өндірістік үй-жайлардың алаңы.

Парниктердің негізгі мақсаты – ашық топырақтағы көкөністердің көшеттерін және ерте шығатын көкөністерді өсіру, ауа райының қолайсыз жағдайларынан өсімдіктерді қорғау үшін жылытылмайтын, шағын құрылыс болып табылады.

Жылыжайлар қыстық және көктемдік болып бөлінеді. Қыстық жылыжайлар жыл бойы қолданылатын жылытылатын шыныланған, сондай-ақ қысқы және ерте көктемгі кезеңде өнімдердің шығуын қамтамасыз ететін, үлдірмен қапталған жылытылатын жылыжай болып табылады. Көктемдік жылыжайлар табиғи жолмен жылынады.

Жылытылған топыраққа және үлдір астындағы егістікке жылытылған қатарлар және жекелеген учаскелерде немесе далалық ауыспалы егістерде қарапайым үлдір жабындар жатады.

7-тармақтың және 8.1-тармақшаның 2-бағанында ішкі тұтыну үшін өндірілген өнімдерден басқа барлық қорғалған топырақ имараттарының жалпы түсімі көрсетіледі.

Гүлдер мен гүл көшеттерін, көкөніс көшеттерін, жидек дақылдарын өсіру данамен көрсетіледі.

Саңырауқұлақ (мицелия) бойынша саңырауқұлақ өнімдерін өсіруге пайдаланылатын алқап ескеріледі және жалпы жиналған өнім көрсетіледі.

8. 9.1-тармақшада тыңайтқыштардың енгізілген уақытына қарамастан, ағымдағы жылдың түсіміне, ашық топырақтағы ауылшаруашылық дақылдарының егістігіне, көпжылдық екпелерге (бақтар, жидектер, жүзімдіктер және тұт ағаштары), табиғи шабындықтар мен жайылымдарға енгізілген органикалық тыңайтқыштардың мөлшері көрсетіледі. Алдағы жылдың түсіміне ағымдағы жылы енгізілген тыңайтқыштар мөлшері статистикалық нысанға енгізілмейді. Сондай-ақ органикалық тыңайтқыштармен нақты тыңайтылған алқап көрсетіледі.

Тыңайтылған алқап жалпы жиынтығы бойынша, сондай-ақ әрбір дақыл бойынша да жалпы егіс алқабынан аспайды.

9. Деректер бір ондық белгімен көрсетіледі.

10. Осы статистикалық нысанды ұсыну электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастырылған "Респонденттің кабинеті" (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) арқылы онлайн режимде жүзеге асырылады.

11. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 9.1-тармақша:

егер 2-баған $\neq 0$, онда 1-бағанда $\neq 0$, әрбір жол үшін;

егер 1-баған $\neq 0$, онда 2-бағанда $\neq 0$, әрбір жол үшін.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің
Статистика комитеті
төрағасының
2020 жылғы 10 ақпандағы
№ 21 бұйрығына
24-қосымша

Мемлекеттік статистика органдары
күпиялылығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется
органами государственной статистики
Жалпы мемлекеттік статистикалық
байқаудың статистикалық нысаны

Приложение 24 к приказу
Председателя Комитета по
статистике Министерства
национальной экономики



Аңшылық пен аулау жөніндегі, осы салалардағы қызмет көрсетуді ұсынуды қоса алғандағы қызмет туралы

О деятельности по охоте и отлову, включая предоставление услуг в этих областях

Индексі	2-аңшылық жылдық	есепті кезең			жыл	
Индекс	2-охота годовая	отчетный период			год	

Экономикалық қызмет түрлері жалпы жіктеуішінің "Аңшылық, аулау және осы салаға кіретін қызмет көрсетуді ұсынумен қоса" 01.7 - коды бойынша қызметтің негізгі немесе қосалқы түрлері болып табылатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және окшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер және бекітілген тәртіппен тіркелген және жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алған жеке тұлғалар ұсынады

Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения с основным или вторичным видами деятельности, индивидуальные предприниматели по коду Общего классификатора видов экономической деятельности 01.7 - "Охота и отлов, включая предоставление услуг в этих областях" и физические лица, зарегистрированные в установленном порядке и получившие разрешение на пользование животным миром

Ұсыну мерзімі - есепті кезеңнен кейінгі 23 ақпанға (қоса алғанда) дейін

Срок представления - до 23 февраля (включительно) после отчетного периода

БСН коды									
Код БИН									

1. Аңшылық, өсіру бойынша нақты қызметті жүзеге асырған және осы салаларда қызмет көрсеткен аумақты (облыс, қала, аудан) көрсетіңіз
 Укажите территорию (область, город, район), фактического осуществления деятельности по охоте , разведению и предоставлению услуг в этих областях

--

1.1 Әкімшілік - аумақтық объектілер жіктеуішіне (ЭАОЖ) сәйкес аумақ коды (респондент статистикалық нысанды қағаз жеткізгіште ұсынған кезде аумақтық статистика органының тиісті қызметкері толтырады)

--	--	--	--	--	--	--	--	--

Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (КАТО) (заполняется соответствующим работником территориального органа статистики при представлении респондентом статистической формы на бумажном носителе)

2. Аң аулау мен өсіру өнімдерінің көлемі туралы мәліметтерді көрсетіңіз, мың теңгемен

Укажите сведения об объемах продукции охоты и разведения, в тысячах тенге

		Аң аулау өнімдерінің көлемі Объем продукции охоты	Өсіру өнімдерінің көлемі Объем продукции разведения

Көрсеткіштің атауы Наименование показателя	АШӨСЖ ¹ бойынша коды Код по СКПСХ ¹	қолданыстағы бағамен в действующих ценах	өткен жылғы орташа жылдық бағамен в среднегодовых ценах предыдущего года	қолданыстағы бағамен в действующих ценах	өткен жылғы орташа жылдық бағамен в среднегодовых ценах предыдущего года
А	Б	1	2	3	4
Тұяқтылар Копытные	01.70.10.400				
Терісі бағалы аңдар Звери пушные	01.70.10.100				
Жабайы құс Дичь	01.70.10.200				

3. Аңшылық, тұяқтыларды, бағалы аңдарды, жабайы құстарды және теңіз сүт қоректілерін аулау саласындағы қызметтердің көлемін көрсетіңіз (АШӨСЖ бойынша 01.70.10.700 тобы), мың теңгемен

Укажите объем услуг в области охоты, ловли копытных, зверей пушных, дичи и млекопитающих морских (группа 01.70.10.700 по СКПСХ), в тысячах тенге

АШӨСЖ ¹ сәйкес қызметтің атауы Наименование услуги в соответствии с СКПСХ	АШӨСЖ ¹ бойынша коды Код по СКПСХ ¹	Қызметтер көлемі Объем услуг	
		қолданыстағы бағамен в действующих ценах	өткен жылғы орташа жылдық бағамен в среднегодовых ценах предыдущего года
А	Б	1	2

Ескертпе:

Примечание:

¹ АШӨСЖ мұнда және бұдан әрі - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында "Жіктеуіштер" бөлімінде орналасқан "Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтердің) анықтамалығына" сәйкес толтырылады

¹ СКПСХ здесь и далее - заполняется согласно "Справочнику продукции (услуг) сельского, лесного и рыбного хозяйства", размещенному на интернет-ресурсе Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан в разделе "Классификаторы"

4. Бекітілген аңшылық алқаптарының алаңы туралы мәліметтерді көрсетіңіз, мың гектармен

Укажите сведения о площади закрепленных охотничьих угодий, в тысячах гектарах

Жол коды Код строки	Атауы Наименование	Есепті кезеңде За отчетный период
А	Б	1

1	Аңшылық шаруашылықтарына бекітілген аңшылық алқаптардың алаңы Площадь закрепленных охотничьих угодий за охотничьими хозяйствами	
